

## Мемлекеттік еңбек инспекторларының мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезіндегі тексеру парағының нысанын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 желтоқсандағы № 384-ө және Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2010 жылғы 5 ақпандағы № 31 Бірлескен Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылғы 8 ақпанда N 6035 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2011 жылғы 16 ақпандағы № 55-ө және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2011 жылғы 16 ақпандағы № 36 Бірлескен бұйрығымен.

**Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2011.02.16 № 55-ө және ҚР Экономикалық даму және сауда министрінің 2011.02.16 № 36 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Бірлескен бұйрығымен.**

Еңбек кодексінің 16-бабы 25) тармақшасына, «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 38-бабы 1-тармағына және «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 2-тармақтың 9) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік еңбек инспекторларының мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезіндегі тексеру парағының нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті (А.А. Сарбасов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми сайтында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Б.Б. Нұрымбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты әлеуметтік*

*Қазақстан Республикасының  
Экономика және бюджеттік*

қорғау министрі

жоспарлау министрі

Г.Н. Әбдіқалықова

Б.Т. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрінің  
2009 жылғы 28 желтоқсандағы  
№ 384 - ө және  
Қазақстан Республикасы  
Экономика және бюджеттік  
жоспарлау министрінің  
2010 жылғы 5 ақпандағы  
№ 31 бірлескен бұйрығымен  
бекітілген

## Мемлекеттік еңбек инспекторларының мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезіндегі тексеру парағының нысаны

\_\_\_\_\_ (күні)

\_\_\_\_\_ (толтырылған орны)

(Мемлекеттік бақылауды жүзеге асырушы лауазымды тұлғаның Т.А.Ә)

Тексеріліп жатқан заңды тұлғаның атауы немесе субъектінің Т.А.Ә

Заңды мекенжайы: \_\_\_\_\_.

| Р / с № | Талаптар   |
|---------|--|
| 1       | 2  |
| 1.      | Еңбек жағдайлары бойынша өндірістік нысандарды аттестациялау жүргізілген   |
| 2.      | Жұмыс беруші жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жасалған  |
| 3.      | Қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу төлемі жүзеге асырылады  |
| 4.      | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөнінде қызметтің (маманның) болуы  |
| 5.      | Жазатайым оқиға кездерінде өндірістегі жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес жүргізіледі |
| 6.      | Қызметкерлер жеке және ұжымдық қорғану құралдарымен қамтамасыз етілген   |
| 7.      | Қызметкерлерге сүт, емдік-профилактикалық тағам беру тәртібінің сақталуы   |
| 8.      | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес еңбек қауіпсіздігіне қажетті жағдайлар жасалған                                      |
| 9.      | Еңбекті қорғау жөнінде кезеңімен оқыту және білімдерін тексеру жүргізіледі   |
| 10.     | Қауіпсіздік техникасы жөнінде инструктаж жүргізіледі   |
| 11.     | Міндетті медициналық байқаулар жүргізіледі   |
| 12.     | Шетелдік жұмыс күшін пайдалану рұқсаттарының болуы   |

|     |  |
|-----|--|
| 13. | Жұмыс беруші шетелдік жұмыс күшін тарту рұқсаттарында көрсетілген ерекше жағдайларды орындайды   |
| 14. | Жалақының уақытылы және толық төленуі  |
| 15. | Кепілдіктердің сақталынуы және өтемақы төлемдерінің төленуі  |
| 16. | Ұжымдық шарт жасау тәртібінің сақталынуы   |
| 17. | Ұжымдық шарт шарттарының орындалуы   |
| 18. | Жұмысқа қабылдарда қызметкерлермен еңбек шарты жасалынған  |
| 19. | Еңбек шартын жасауда шектеулердің сақталынуы   |
| 20. | Еңбек шарттарының тоқтатылуы Еңбек кодексі талаптарына сай жүргізіледі   |
| 21. | Жасалған еңбек шарттарының Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің нормаларына сәйкестігі  |
| 22. | Жұмыс беруші актілері ережелерінің Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің нормаларына сәйкестігі  |
| 23. | Келісімдерде, ұжымдық, еңбек шарттарында, жұмыс беруші актілеріндегі шарттардың (еңбек шарттарының) сақталуы                               |
| 24. | Толық материалдық жауапкершілік туралы жазбаша шарт жасау заңдылықтары   |
| 25. | Жұмыс уақыты және демалыс уақыты режимінің сақталуы  |
| 26. | Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің қызметкерлерге жыл сайынғы еңбек (қосымша) әлеуметтік демалыс беру жөніндегі талаптарының сақталуы |
| 27. | Жекелеген санаттағы қызметкерлердің еңбек құқықтарының сақталуы  |
| 28. | Тәртіптік жаза қолдану тәртібінің сақталуы   |

Мемлекеттік еңбек инспекторы \_\_\_\_\_

Таныстым \_\_\_\_\_